

АЙМАҚ АҚШАМЫ

№10 (079) ЖҰМА

15 наурыз 2024 жыл

САЯСИ-ҚОҒАМДЫҚ, ТАНЫМДЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-ЖАРНАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

• НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



Наурыз
Ұлысым
болғай
бақтымы!

Қорғанбек АМАНЖОЛОВ

Көтеріп моншақ аңғарда,
Көгілжім тартып тауларда,
Шалқытып сағым бауларда,
Наурызым келді бар маңға,
Наурызым келді бар жанға!

Ғажайып сәттер таянды,
Табиғат сергіп оянды.
Көзіме кесте тартылып,
Көкірек нұрға боянды,
Дүрілдеп дүние оянды.

Аңсарым, асыл Наурызым,
Жағаға біткен жалбызым.
Көз жазып қалып сан жылдар,
Көзайым болған жалғызым –
Армысың, ардақ Наурызым!

Қыдыр Наурызға ерейік,
Нәуризек құсын көрейік.
Бәйшешек гүлін терейік.
Ұлыстың күнін аймалап,
Алтынкүрек желін өбейік.

Наурыз көжеде бал ұйып,
Ақ уызға арда жарыық.
Семсерді сертпен жаныық.
Наурыздың нұрлы нақышы,
Кәусар тазалық деп таныық.

Қазаққа біткен жерұйық,
Халқыма құтты бол ұйық.
Адалға сақтап қориық.
Наурыздың қыдыр батасын,
Жақсылыққа ғана жориық.

Көгілжім нұрлар қалқыған,
Бусанып дүние балқыған,
Тіршілік толғау толқыған,
Тасқында бүгін толассыз,
Наурыздың күйі шалқыған.

Ұлысым болғай бақтылы,
Ырыздық тұнғай ақтылы.
Патшамыз тұрғай тақтылы.
Шапағат Наурыз шалқытқан,
Алаштың асқай шаттығы!



ҚЫЗЫЛ СУДЫҢ АЛДЫН АЛУ: АРНАЙЫ ШТАБ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Су басу қаупінің алдын алу мақсатында Ұлытау облысында арнайы штаб құрылды. Бұл жайында Берік Әбдіғалиұлының төрағалығымен өткен аппараттық кеңесте айтылды. Жиында өңір басшысы штабтың тәулік бойы күшейтілген режимде жұмыс істеуін қатаң тапсырды.

«Қала-аудандардағы шаруа иелерінің жеке техникаларын да көмекке жұмылдыру қажет. Ол үшін тізім жасап, шартқа отыруды тапсырамын. Штабтың жұмысы әсіресе түнгі уақытта күшейтілсін. Бастысы, қызыл суды үйлер мен қораларға маңайлатпауымыз қажет. Ол үшін барлық қажетті шара жасалсын!»-деді өңір басшысы өз сөзінде.

Белгілі болғандай, арнайы штаб техникалар және қажетті жабдықтармен қамтамасыз етілген. Облыс әкімінің орынбасары, штаб төрағасы Ұлантай Үсеновтің айтуынша, қазіргі таңда «Қазавтожол», «Қазақстан темір жолы» мекемелерімен бірлескен жұмыс нәтижесінде облыстық және аудандық жолдардағы арықтарды аршу жұмыстары 90%-ға атқарылған. Сондай-



ақ, облыстағы су қоймаларының да тәулік бойы бақылауда екені айтылды.

Сондай-ақ облыс әкімі Жаңаарқа және Ұлытау ауданында уақытылы шығарыл-

маған қардың барлығы тазартылуын қадағалауда ұстау қажет екенін жеткізді.

**Облыс әкімінің
баспасөз қызметі**

ҚАЛА ТЫНЫСЫ

ОБЛЫС БАСШЫСЫ СӘТБАЕВҚА КЕЛДІ

Жұмыс сапарын өңір басшысы Берік Әбдіғалиұлы құрылысы ұзаққа созылған Оқушылар сарайы мен 320 орындық балабақшадан бастады.

Оқушылар сарайының ЖСҚ-на түзетулер енгізіліп, «СК NEW CITY» осы айдан құрылысты жүргізуді қолға алған еді. Мердігер ұйым жылу радиаторларын толық ауыстырылатынын және сейсмикалық тұрақтылығына баса көңіл бөлінетінін жеткізді. Құрылыс жұмыстары осы жылдың қазан айында аяқталады деп жоспарланады.

320 орындық балабақшаның құрылысы 90% аяқталған. 2-3 қабаттарда әрлеу жұмыстары жүргізіліп, қасбеті толық ауыстырылуда. Мердігер ұйым-«Балқаш Жібек жолы» ЖШС. Жобаның аяқталу мерзімі - мамырдың соңы.

Облыс басшылығының жұмыс сапары қалада бой көтеріп жатқан тұрғын үйлердің құрылысымен жалғасты. Биыл Сәтбаев қаласында жалпы көлемі 8 мың шаршы метрді құрайтын несиелік тұрғын үй пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Солардың бірі Шаталюк көшесінде орналасқан 5 қабатты 30 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысы. Жұмыстар 2023 жылдың қараша айында басталды. Бой көтеріп жатқан көп-пәтерлі үйде 46 шаршы метрлік бір бөлмелі 10 пәтер, 66 ш.м тұратын екі бөлмелі 10 пәтер, 98 ш.м тұратын 5 үш бөлмелі пәтер және 113 ш.м 5 төрт бөлмелі пәтер болады.

Облыс әкімі Тәуелсіздік көшесінде жүріп жатқан 4 қабатты 56 пәтерлі тұрғын үйдің құрылысымен де танысты. Мердігер ұйым «Астана Премиум Строй» ЖШС. Бүгінгі күні 2 қабаттың құрылысы аяқталған. Мердігер өңір басшысына жоспарланған кестеден ауытқулар жоқ екендігін, жұмыстар қарқынды жүргізіліп жатқандығын жеткізді.

**Сәтбаев қаласы әкімінің
баспасөз қызметі**

ТАҒАЙЫНДАУЛАР

2024 жылдың 10 қаңтарынан бастап Сәтбаев қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы болып Серік Сағынатұлы Имамбай сайланды.

Серік Сағынатұлы 1975 жылы Сәтбаев қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары. Қазақ қатынас жолдары университетінде инженер-экономист мамандығын бітірген.

Серік Сағынатұлы Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы, Сәтбаев қаласы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған.

Қазіргі таңда «Қазақмыс» корпорациясының «Батыс» кенішінде техникалық бөлімінің инженері болып жұмыс істейді.



Сәтбаев қалалық қазынашылық басқармасының басшысы лауазымына Лайла Омарқызы Аликулова тағайындалды.

Лайла Омарқызы 1970 жылы Түркістан қаласында дүниеге келген. Білімі – жоғары. Қазтұтыну одағы мен Орталық Азия университетін бітірген.

Еңбек жолын 1989 жылы Жезқазған қаласындағы Агропромбанк басқармасының тексеруші болып бастаған.

Әр жылдары Жезқазған мен Сәтбаев қалаларының Мемлекеттік кірістер департаменттерінде инспектор, бас маман, бөлім басшысы және басқарма басшысының орынбасары қызметтерін атқарған. Салық қызметінің үздігі.

Тағайындауға дейін Ұлытау облысы бойынша қазынашылық департаментінің Бюджеттерді атқару бөлімінің бас маманы – бас қазынашысы лауазымында болған.



СӘТБАЕВ НАУРЫЗДЫ ҚАЛАЙ ТОЙЛАЙДЫ? НАУРЫЗ МЕЙРАМЫНА АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР 14-23 НАУРЫЗ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Өтетін орны
«Көрісу күні – Амал мерекесі»			
1	«Ою» отбасылық кафе ашылуы мен сырға салу дәстүрін көрсету	14 наурыз сағ. 12.00	«Ою» отбасылық кафе
Қайырымдылық күні			
2	Аз қамтылған отбасыларға азық-түлік себетін тарату (тізім бойынша)	15 наурыз	
Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр күні			
3	Қол өнер шеберлерінің көрмесін және жәрмеңке ұйымдастыру	16 наурыз сағ. 10.00	Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы (Диско зал)
4	Бірінші облыстық оқушылар арасындағы айтысты ұйымдастыру	16 наурыз сағ. 11.00	Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайы (Диско зал)
Шаңырақ күні			
5	Ұлттық киім киген жастардың неке қию салтанаттары, 25 және 50 жыл отасқан үлгілі отбасылармен кездесу	16 наурыз сағ. 12.00	Сәтбаев қ. АХАЖ
6	Жаңа туған нәрестелердің ата-аналарын құттықтап, «Наурыз-базарлық» естелік сыйлықтарын табыстау	16 наурыз сағ. 14.00	Қалалық перзентхана
Ұлттық киім күні			
7	«Сымбат» модельдік агенттіктің дефилесі. Сәнді киімдер фестивалі	18 наурыз сағ. 12.00	С. Сейфуллин атындағы гимназиясы
	«Ұлттық киім – ұлт бейнесі» атты мерекелік шара	18 наурыз сағ. 11.00	№7 жалпы білім беретін мектебі
8	Қала аулаларында Наурыз мейрамын өткізу	17-20 наурыз сағ. 19.00	Қала аулалары
Жаңару			
9	«Ұлыстың Ұлы күні-әз Наурыз» мерекелік іс шара	19 наурыз сағ. 11.00	«Әлкей Марғұлан атындағы ЖББМ»КММ
10	Қала ардагерлерінің аулаларын тазарту іс-шараларын ұйымдастыру	19 наурыз	Қала аулалары
Ұлттық спорт			
11	Асық ату, садақ ату, арқан тартыс жарыстарын өткізу	20 наурыз сағ. 11.00	Спорттық сауықтыру кешені
12	«Ұлттық ойын-халық мұрасы» ұмытыла бастаған ұлттық ойындарды насихаттау	20 наурыз сағ. 11.00	Б. Бұлқышев атындағы орталықтандырылған кітапхана жүйесі
Ынтымақ			
13	Ауызашар ұйымдастыру	21 наурыз сағ. 19.00	Орталық алаң
14	Жалпыхалықтық мерекелік концерт	21 наурыз сағ. 20.00	Орталық алаң
Жыл басы			
15	Наурыз шеруі	22 наурыз сағ. 10.00	Сәтбаев даңғылы Арай мейрамханасынан орталық алаңға дейін
16	Киіз үйлер арасында байқауы	22 наурыз сағ. 13.00	Орталық алаң
17	Ұлттық тағам дайындау байқауы	22 наурыз сағ. 13.00	Орталық алаң
18	Спорттық іс-шаралар өткізу: - арқан тарту - асық ату - армрестлинг - көңілді эстафета - шахмат, дойбы - гир көтеру - дартс - бес тас - лянгі - қазақ күресі	22 наурыз сағ. 11.00	Орталық алаң
19	Жалпыхалықтық мерекелік концерт	22 наурыз сағ. 11.00	Орталық алаң
20	Мерекелік сауда акциялары, жәрмеңке	22 наурыз сағ. 9.00-14.00	Орталық алаң
Тазару			
21	«Тазалық эстафетасы» экологиялық акциясы	23 наурыз сағ. 11.00	Орталық алаң Қала көшелері

Жезқазған жұртшылығы алты ай қыс бойы «Биыл Кеңгірге су түсе ме, түспей ме?» деп, құмалақ ашумен шығады. «Кеңгір» дегеніміз – қаланың бар тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуге тиісті су қоймасы. Ауыз судан бастап барлық қажеттілікке керекті су негізінен сол Кеңгірден алынады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі 1996 жылғы 17 маусымда осы су қоймасына қатысты №740 қаулы қабылдайды. Мұнда былай деп көрсетілген.

«Жезқазған аймағында су ресурстарын басқаруды, су балансын есепке алу мен бөлуді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің, Жезқазған облысы әкімінің және Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің Кеңгір су қоймасын «Жезқазғантүстімет» акционерлік қоғамының құрамынан Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарамағына беру жөніндегі ұсынысы қабылданын.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген заң тәртібімен Кеңгір су қоймасы мен гидротехникалық кешенін Жезқазған облыстық су ресурстары жөніндегі комитетіне беретін болсын».

Сондай-ақ дәл сол жылы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару комитетінің 9 шілдеде №471 қаулысы шығады. Онда Кеңгір су қоймасы Жезқазған облыстық су ресурстары комитетіне берілсін делінген.

Алайда бұл қаулылар қабылданған соң, арада жыл толмай жатып, 1997 жылғы 3 мамырда Жезқазған облысы таратылды. Сөйтіп, Үкіметтің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару комитетінің қаулылары қағаз күйінде қалды.

Қазіргі таңда бұл су қойманың тостағы кімге тиесілі? Су ресурстары және ирригация министрлігі Кеңгір су қоймасының иесі «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС деп біледі. Мәжіліс депутаты Е.Сатыбалдиннің Су ресурстары және ирригация министрі Н.Нұржігітовке жолдаған Кеңгір су қоймасының мәртебесі туралы (меншік иесі кім, оның эксплуатациялық (пайдалану) құқығы, мерзімі т.б.) сауалына орай қайтарылған жауапта: «Су қоймасының иесі – «Kazakhmys Distribution» ЖШС» деп тайға таңба басқандай жазулы тұр. Сондай-ақ депутаттың «Су қоймасындағы шөгінді тұнбаның көлемі, яғни түбінің лайлануы және су қоймасының батпақтануы, осының әсерінен жоғалған су көлемі» туралы сұрағына да министрлік «бұл сауалға қатысты ақпаратты Кеңгір су қоймасының иесі – «Kazakhmys Distribution» ЖШС-нан нақтылау қажет» деп жауап қайтарып, су қоймасының иесін нақтылап көрсеткен.

2016 жылғы 11 мамырда «Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Kazakhmys Distribution» ЖШС арасында жер телімін 2025 жылғы 16 тамызға дейін жалға беру-алу туралы Шарт

жасалып, «Kazakhmys Distribution» ЖШС 158900 шаршы метр жер үшін жылына 1094503 теңге төлеуге міндеттенеді. Шарттың мақсаты «Кеңгір су торабын пайдалану және қызмет көрсету» деп көрсетілген. 1996 жылғы 17 маусымда қабылдаған Үкімет Қаулысындағы «Кеңгір су қоймасын «Жезқазғантүстімет» акционерлік қоғамының құрамынан Қазақстан Республикасы Су ресурстары жөніндегі комитетінің қарамағына беру» деген сөз назар аударуды қажет етеді. Демек сол уақытта су қоймасы «Жезқазғантүстімет» акционерлік қоғамына қарап келгені көрініп тұр. Әйтпесе, бұлай жазыла ма? Ал «Жезқазғантүстімет» АҚ жекешелендіру нәтижесінде «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-ына айналғаны тағы белгілі. «Kazakhmys Distribution» ЖШС – қазіргі «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің бір бөлшегі. Міне, осылайша індетте іздеткенде Кеңгір су қоймасының кімге тиесілі екендігі анықталады да шығады. Сондықтан, Су ресурстары және ирригация министрлігінің «Су қоймасының иесі – «Kazakhmys Distribution» ЖШС» деп көрсетуі орынды-ақ. Бірақ «Kazakhmys Distribution» ЖШС-ның өзін меншік иесі емеспін дейтіні қалай?

«Ұлытау облысының табиғи ресурстар және табиғат байлығын пайдалануды реттеу басқармасы» мемлекеттік мекемесінің басшысы Қ.Имантүсіпов: «Кеңгірдің тостағын тазаламаса, яғни гидрологиялық талаптарға сай

жұмыстар атқарылмаса онсыз да сапасы нашар суымыз мүлде жарамсыз болып қалуы мүмкін. Су құрамының сапасы 5 класспен анықталса, Кеңгірдің суы соның ішінде 4 классқа жатады. Ал бұл дегеніңіз дабыл қағатын жағдай», дейді. Басқарма басшысының айтуынша, жауапты министрліктер бұл мәселеден хабардар. Тіпті 2023 жылдың 22 тамызында Премьер-министрдің бірінші орынбасары Р.Скляр Ұлытау облысына жұмыс сапарымен келген кезде көтеріліп, қаралсын деген тапсырмасы хаттамаға енген болатын.

Жезқазған қаласының әкімдігі Кеңгірдің тостағын «иесіз» деп тану үшін сотқа жүгінді. Сот істің ақ-қарасын қарап, кезінде шыққан қаулы ешқандай сот шешімінсіз орындалуы қажет деп, істің нүктесін қойды.

Қазіргі таңда бұл мәселені түбегейлі шешу үшін Кеңгір су қоймасын республикалық балансқа алып, «Қазсуар» РМК балансы есебіне беру қажеттігін алға тартты басқарма басшысы.

«Kazakhmys Distribution» ЖШС-ның меншік иесі емеспін дейтіні сол тостақты тазалаудан қашқақтау ғана.

«Kazakhmys Distribution» ЖШС жер үсті көздерінің су ресурстарын пайдаланғаны үшін жергілікті бюджетке 2022 жылы 11285150 теңге, 2023 жылы 13171463 теңге салық төлеген екен. Міне, осыдан-ақ бұл компанияның суды пайдалану арқылы тым тәуір табыс тауып отырғаны байқалады. Әрине, компанияның қалтасындағы

қаражатта шаруамыз шамалы. Пайда тапқан компания су қоймасына тиісті күтім неге жасамайды? Жауап алғымыз келетін сұрақ – осы.

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС Бас директорының міндетін атқарушы И.Перетолчиннің 2023 жылғы 01 қарашадағы Ұлытау облысы әкімінің орынбасары Ұ.Үсеновтің атына жолдаған хатында: «Кеңгір су қоймасы шарасының өзі және су ресурстары мемлекет меншігінде тұр» дегенді неге сүйеніп айтатыны түсініксіз. Ол бұл ретте Үкіметтің 1996 жылғы 17 маусымдағы осы су қоймасына қатысты №740 Қаулысына сілтеме жасайды. Ал бұл Қаулының орындалмаған күйі қалғанын ол не білмейді, не әдейі білгісі келмейді. Сондай-ақ ол «ҚР Су Кодексіне сәйкес су қорының жерлері Қазақстан халқына тиесілі екенін және су қоймасының шарасын (тостағын - авт.) тазарту жұмыстары мемлекеттік қаражат есебінен жүргізілуі мүмкін» екендігін жергілікті биліктің есіне салып, өз тараптарынан тостақты тазалауға қаржы қарастырылмайтынын анық сездіреді. Ол сол сияқты, осы хатта шөгінділердің шектен шығып кеткенін де жоққа шығарады. Егер бәрі И.Перетолчин көрсеткендей қалыпты жағдайда болса, Жезқазған халқы Кеңгірдің суын неге ауыз су ретінде пайдалана алмай отыр?

Ұлытау облысы
«Egemen Qazaqstan»,
07 Наурыз, 2024жыл



«КЕҢГІРДІҢ» КІЛТІ КІМДЕ?

Наурыз, наурыз, Әз-наурыз!

Наурыз

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ

Наурызды не себепті Ұлыстың ұлы күні деп атағаны жөнінде мынадай аңыз бар: Нұх пайғамбардың кемесі Қазығұрт тауына тоқғанда, жер бетін жайлаған топан су кері қайтады. Барлық тіршілік иелері көк аспаннан түскен қасиетті қазаннан бірге дәм татады. Содан бұл күнді – Ұлыстың Ұлы күні деп жариялайды.

САМАРҚАННЫҢ КӨК ТАСЫ ЖІБИДІ

«Наурызда Самарқанның көк тасы жібиді» дейді. Бұл туралы ел аузында жүрген бірнеше аңыз бар. Соның бірінде: «Самарқанда Әмір Темірдің көк түсті лағыл тастан жасалған тағы болыпты. Сол хан Наурыз күні қаһарынан қайтып, өлім жазасына кесілгендерге кешірім береді екен. «Самарқанның көк тасы жібиді» деген сөз осыдан қалған», — деп айтылады.

Профессор Т.Қордабаевтың зерттеулеріне сүйенсек, Наурызда Ұлықбектің обсерваториясындағы аспан денелерін белгілеген тасқа күн сәулесі тікелей түсіп, әлгі тас жібиді екен деп те айтылады.

Араздасып қалған адамдар бұл мейрамда бір-бірін кешіріп, төс қағыстырып, достасады. Ымыраға келе алмаған жанға: «Сен тастан да қаттысың ба, бұл күні Самарқанның көк тасының өзі жібиді», — деп наз айтатын болған.

ӨЗ

Күн мен түн теңескен кезде жеркөкті жарып бір гуіл естіледі. Оны халық жан-жануар ішінде қой ғана сезеді деп есептеген. Сол үнді «өз» дейді. Халық арасында осы үннен кейін жер аяғы кеңіп, күн жылынады деген сенім бар. «Өз болмай, мез болмайды» деген содан шыққан.

НАУРЫЗ КӨЖЕ

Наурыз мейрамының басты тағамы. Оның нақты мәзірі жоқ. Бастысы, жеті түрлі тағамнан жасалынады. Халық арасында «Көжені тойып ішсең, жыл бойы тоқ болып өтесің» деген сенім бар. Ол – тоқшылық пен ырыс-құттың жоралғысы.

БЕЛ КӨТЕРЕР

Наурыз айында жасалатын тағамдардың бірі. Оны көбінесе қарттарға



арнап әзірлейді. Бұл әрі жұмсақ, әрі дәмді, нәрі мол қазы, сарымай, жент, қымыз, ақ ірімшік, бал тағы сол сияқты тамақтардан дайындалады.

УЫЗ БАТА

Мейрамда ақсақалдардың беретін батасын «Уыз бата» деп те атайды. Онда:

Өркенің өссін!
Әр күнің Наурыз күніндей берекелі болсын!
Ұлың – оңға, қызың қырға қонсын!
Еліңе елеулі, халқыңа қалаулы бол!

Айың тусын оңыңнан,
Жұлдызың тусын солыңнан,
Бақ берсін, Қыдыр дарысын!-деген сынды ақ-пейілді тілектер айтылады.

САУМАЛЫҚ

Наурыз айында күн жылып, күн күркіреп, жаңбыр жауған соң, көк шөп шыға бастаған уақыт. Осы кезде ауыл адамдары далаға шығып саумалық айтып, қуанышты көңілмен жақсы тілек тілейді. Оны өлеңмен айтады:

Саумалық, саумалық,
Наурызшаның көк құсы,
Ұйқыдан көзін ашты ма?
Саумалық, саумалық,
Самарқанның көк тасы,
Жібиді ме көрдің бе?
Саумалық, саумалық,
Ескі жылы кетіп, жаңа жыл келді.
Ескі жыл есіркей кет,
Жаңа жыл жарылқай кел, —

деп бір ескі ыдысты сындырып, «жамандық кетсін» деп ырым жасайды.

НАУРЫЗЕК

Наурыз айында алғашқылардың бірі болып ұшып келетін құс. Оны ел арасында наурызкөк, көкқұс, жылқышы құс деп те атайды. Оны көргендер: «Наурызкөгім келдің бе?»- деп шақырып, жем береді. Бұл құсты үркітуге болмайды.

НАУРЫЗТӨЛ

Төрт түлік мал наурыз айынан бастап төлейді. Оларды «наурыз төлі» деп атайды. Төл басы болғандықтан, ерекше күтімге алынады. Оны сатпайды, ешкімге сыйға бермейді. Көбіне өз қызығына, тойына, құрбан айт күндерінде сойып, ырым етеді.

НАУРЫЗШЕШЕК

Наурыз айында өсетін әдемі гүлді өсімдік. Ол қар ери салысымен бүр жарады. Сәуір-мамыр айында толықтай гүлдейді.

Наурызшешекті үзіп, жұлуға болмайды. «Биыл біреуін үзсең, келесі жылы он гүл шықпай қалады» деген ырым бар.

Наурызшешек Қызыл кітапқа енген.

НАУРЫЗША

Күн жылы кезде жауатын жұқа

қиыршық қар. Ол жерді жасыра алмайды, әрбір жерде күнге шағылысып, жылтырап жатады. Ол жеңіл әрі үлпілдек болады.

ҚҰС ҚАНАТЫ

Наурыздың ақша қарын «Құс қанаты» деп те атайды. Себебі қар құстың мамығы сынды үлпілдек болады, артынан жаңбыр араласып жауып, суық жел тұрады, ауа райы күрт өзгереді. Бұл кезде құстар жылы жақтан орала бастайды.

АЛАСАПЫРАН

Құс қанатының қары еріген кезде өкпек жел тұрады. Айналаның бәрі лайсаң тартып, балшық болады. Осы уақыт «Аласапыран» деп аталады.

БЕСТОҒЫНАҚТЫҢ БЕТ ЖАУАРЫ

Наурыз айының соңында 5-10 күн қатарынан жауатын жауын. Ол шаруаға жайлы жағдай туғызып, егіннің бітік шығуына септігін тигізеді.

АЛТЫНКҮРЕК

Батыстан соғатын жылы жел. Ол қар мен мұзды ерітіп, күннің ызғарын сындырады. Алтынкүректен соң бәйшешек бүр жарады. Желдің бұлай аталуына оның қар мен мұзды бес-алты сағаттың ішінде ерітіп, қыс бойы адам күрекпен күреп тауыса алмаған қарды бір өзі «күреп» тастайтыны себеп болған.

► ҚҰРМЕТТІ АЗАМАТТАР ГАЛЕРЕЯСЫ

СӘТБАЕВ САҢЛАҒЫ

90-ЖЫЛДАРДЫҢ БАС КЕЗІ. ҚАЛАЛЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ СЕССИЯСЫ. ҚАЗІРГІДЕЙ ЕМЕС, ДЕПУТАТТАРДЫҢ САНЫ ДА, ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ДА ҚАТАРЫ КӨП УАҚЫТ. ҮЛКЕН МӘЖІЛІС ЗАЛЫ АУЗЫ -МҰРНЫНАН ШЫҒЫП ОТЫРАДЫ.

Сәтбаев қаласына енді ғана келген кезім еді, көпшілігін тани бермеймін. Сессия барысында орташа бойлы, тапалтақ келген кісі қайта -қайта сөз сөйлейді, мәселе көтереді, сұрақ жауырады. Бір ғажабы, айтып жатқанының бәрі де орынды, артық ештеңесі жоқ. Тыңдаймын да риза болып қаламын. Бірақ, өзін танымаймын. Қасында қала әкімінің орынбасары Кеңгірбай Шабарханов отырған. «Мына кісі кім болады?» дедім. «Білмеуші ме едің? Бұл «Сатпаевский Собчак» деді ақырын ғана.

«Е, есіме КСРО халық депутаттарының съезінде қайта -қайта мінбеге көтеріліп, көзге түскен атақты Анатолий Собчакпен теңестіріле айтылатын болса, бұл кісінің тегін адам болмағаны» деген ойға тірелдім. Кейін білдім, ол - Мағзұм Омарұлы Қожахметов есімді ағам екен. Қаланың дәрігері, қалалық мәслихаттың депутаты көрінеді. Ол кісіні қашан болсын қоғамдық жұмыстардың белортасынан көретін болдым. Тыным таппайды, ой - пікірін бүгіп қалмайды. Аздап ақындығы да бар. Руханиятқа өте жақын. Бәлкім сондықтан да болар, біз бірте -бірте тонның ішкі бауындай араласып кеттік, ағалы -інілі жандарға айналдық.

Араға жарты ғасырдай уақыт салып арамсызға қайта оралған Наурыз мерекесін Сәтбаев қаласында алғаш рет тойлау тұсында да Махаңның майталмандығы бір байқалып қалған еді. Қалалық емханада жұмыс істейді. Емхана басшысы Базаркүл Әбішева ұжымды жинап алып, «Алда ұлттық мерекеміз келе жатыр. Қала басшылығы бізге бір үй тігіндер деген тапсырма берді. Ал, кімде қандай ұсыныс бар? Наурызды қалай тойлаймыз? Қонақтарды қалай күтеміз?» деді. Әркім өз ойын айтып жатты. Көбісі ескі сарын, көне жолды шайырлап жатқан соң, Махаң шыдамай кетті, «бұлай болмайды» деп дауыстап жіберді. Сосын өз ойын айтты. «Наурыз -өліп -талып жеткен ұлттық мерекеміз. Бұл намысты қайрайтын кез. Дастархан ұлттық тағамнан сіресіп тұрсын. Қазы, қарта, жал -жая, құрт -ірімшік бәрі болсын» деп еді, басшы «Ұсыныс айттың ба, енді өзің орында» деп міндетті мойынға артты да жіберді. Дүниенің қат кезі ғой. Ақшаға да іздегенің табылу қиын кез. Жезқазған ет комбинатымен хабарласып көріп еді, мүмкіндік бар екен, бірақ, соншалықты көп мөлшерде босата алмайтынын айтты. Уәделі күні «Жедел жәрдем» көлігімен ет комбинатының ауласына енді. Басшылардың рұқсат бергенінің үстіне сол жердегі жұмыскерлердің тамырын басып, тілін тауып жүріп, бар керегін алып шықты. Былай қарағанда, «ұрлық» жасады. Сол жолы ұсталып қалғанда соттала қоймаса да, біраз жағымсыз әңгімеге арқау болар еді. Махаң соны біле тұра, сондай қадамға барды. Неге?

- Сол кезде менде ұлттық мерекемізді жоғары деңгейде атап өтуден басқа ешқандай ой болған жоқ. Әсіресе, киіз үйге ба сұққан өзге ұлт өкілдері алдында дастарханымыздың жұтаң бомағанын қаладым - дейді ол сол бір күндерді есіне алғанда. Наурызды барынша тамаша етіп тойлау үшін күллі қазаққа танымал Шынболат Ділдебаев ағасына барып


ақылдасқан кездерін қалай ұмытсын?! Бұл -Мағзұм Омарұлы Қожахметовтің ұлт дегенде жүрегін жұлып беруге дайын тұратын азамат екендігін айғақтайтын бір ғана мысал.

1997 жылы Президент Жарлығымен Жезқазған облысы таратылды. Мұны түсінуге болады. Ал Президенттің «Сәтбаев қаласы Жезқазған қаласының әкімдігіне әкімшілік тұрғыдан бағындырылсын» дейтін тағы бір Жарлығы мүлдем түсініксіз еді. Өйткені, Сәтбаев қаласының «облыстық маңызы бар қала» дейтін мәртебесі жойылған жоқ. Бірақ, Президенттің Жарлығын желеу еткен жергілікті билік басындағылар Сәтбаев қаласының қаржы бөлімін жауып тастады да, бюджетін Жезқазған қаласына қосты да жіберді. Сол кезде мұның ақылға қонымсыз шаруа екенін айтып, шырылдаған депутаттардың алдыңғы қатарында Махаң жүрді. Ол қасына екі әріптесін ертіп алып, әділдік қуалап Астанаға аттанды. Сондағы ірі -ірі есіктерге кіріп, мән -жайды түсіндірді. Әрине, бір барғанда мәселе шешімін таба қоймайды. Бұл жолы да солай болды. Бірақ, Махаңдар мәселені қайта -қайта қозғай жүріп, ақыры қаланың дербес бюджеті қалпына келтірілді. Мұны айтасыз, Президенттің Сәтбаев қаласына қатысты Жарлығы күшін жойды. Бұрын - сонды Президент қабылдаған Жарлықтың күшін жою деген болмаған екен. Махаңдар өздерінің күрескерлігінің арқасында сондай тарихи жағдайға да себепші болған ғой.

- Егер бюджет қайтарылмағанда, ендігі Қаныш қаласының орнын сипап қалатын едік -дейді Мағзұм аға. Бұлай деуге негіз де жоқ емес. Сол жылдары 70 мыңнан аса халқы бар қалада небәрі екі «Жедел жәрдем» көлігі болды. Олардың да жүргенінен тұрғаны көп еді. Мағзұм Омарұлы депутаттық мәртебесін пайдаланып, «Қазақмыс» компаниясы басшыларының бірі Руслан Юнге барды. Кеншілер тұратын қаланың «Жедел жәрдем» жәрдемдесуін сұрады. Обалы нешік, басшы түсіністік танытты. Қалаға «Қазақмыс» заманауи жабдықталған «Жедел жәрдем» көлігін тарту етті.

Мағзұм Омарұлы жүрген ортасына ең алдымен өз мамандығына адалдығымен танылды. Адам жанының арашасы деп әспеттелетін дәрігер болу бала күнгі арманы еді десек, ақиқатқа қиғаш келеді. Өйткені, ол мұғалім болуды қалайтын.

1966 жылы Ұлытау орта мектебін тәмамдаған соң, бірер айдан кейін әскер қатарына шақырылды. Екі жылды әскерге беріп, елге келгенде оңтайлы жұмыс табыла қоймады. Бірақ, екі қолды қалтаға алып, селтендеп жүретін бұл емес. Аудандық ауруханаға от жағушы болып орналасты. Міне, осы жағдай оны медицина саласына жетелеп әкелді. Жаз шығып, жастар жоғары оқу орындарына талап етіп жатқанда, өзінің ойын Социал есімді ағасымен бөлісіп еді, ол мұның «мұғалім боламын» дегеніне қарсы шықты. «Қыстай отын жағып шыққан аурухананы көрдің ғой, дәрігерлер жетіспейді» деген ақылын айтып, бағдар берді. Сөйтіп, Қарағанды Мемлекеттік Медицина институтына құжаттарын



тапсырды. Қыстай дайындалғаны бекер болмады, оқуға түсіп кетті. Институт бітіретін 1975 жылы Ұлытау аудандық ауруханасының бас дәрігері Серік Нұржанов деген кісі институтқа арнайы барып, Мағзұмды Ұлытауға сұрап алды. Өйткені, тәжірибеден өту кезінде оның тындырымдылығын, ізденімпаздығын, елгезектігін байқап қалған еді. Мағзұм сенімді ақтады. Сондықтан да, ол арада небәрі екі жыл өткенде салып Сарыкөңір аулындағы ауруханаға бас дәрігер болып тағайындалды. Ауыл болғасын белгілі, малшыларға да қызмет көрсетуің керек. Көлігің сақадай сай болып тұрса жақсы ғой. «Аттың жалында, түйенің қомында» жүруге тура келеді. Бірде қыстауда отырған малшыға бару керек болды. Кеңшардың берген машинасы шыға бере бір тоқтап, жүре бере тағы тоқтап келе жатқан еді. Баратын жерге 4-5 шақырымдай қалғанда мүлдем тоқтады. Қасында шофер. Мұның иығында - медициналық қапшығы. Ит-құстың далада өріп жүрген уақыты. Көліктің қорғануға себі тиеді -ау деген темір -терсегінің екі -үшеуін қолға ұстап, малшы үйіне қарай жаяулатып келе жатқан. Өлден уақытта екі -үш қасқыр шыға келсін қапталдасып. Бұлар өздерінше айқайлап, доқ көрсеткендей болады. Қапшықтағы дәрі -дәрмектің ісінен сескенді ме, әлгілер жақындай қоймады, біршама еріп отырды да, жөндеріне кетті. Мұндай тосын жағдайлардың Махаң талайын басынан өткерген!

Өмірлік тәжірибе деген болады. Институт оқытпағанды өмір үйретеді екен. Оташы болмаса да бірде жағдайға байланысты тәуекелге бел буып, қолына қандауыр ұстады. Ота сәтті өтті, ауру құлантаза айығып кетті. Ал енді бірде командировкадан кележатқанда екі-қабат көліңшек поезд ішінде толғатып, Махаңды «кіндік әке» атандырды.

Сексенінші жылдарға қарай Сәтбаев қаласына қоныс аударды. Қаланың «Қазақ ауыл» атанып кеткен, бірыңғай жер үйлерден құралған, инфрақұрылымы нашарлау аумағына учаскелік дәрігер болып бекітілді. Басқаны қайдам, Махаңның түсінігінде учаскелік дәрігер болсаң сол аумақтағы әрбір үйді, әрбір адамды тануың, білуің керек. Уақытқа қарамай шақыру түссе жетіп бару, жәрдем көрсету қажеттігі айтпаса да түсінікті. Күн лайсаң, жер батпақ болсын, Махаңа бәрібір. Ол міндетіне адалдықтан айнымайды. Бару керек пе, барады, емдеу керек пе, емдейді. Сол қалтқысыз қызметтері жылдар өте келе өзін марапатқа бөлейді, құрметтің шыңына көтереді деп ойлағаса, керек? Бірақ, солай болды. Еткен еңбек, төккен

тер текке кетпеді. Бұған Мағзұм Омарұлы Қожахметовтің алған атақтары, марапаттамалары дәлел. Бәрін емес, кейбірін атап өтейік:

2007 жылы «Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы» атанды. Махаңның кеудесінде «Еңбек ардагері», «Қазақстан Тәуелсіздігіне -20 жыл» мемлекеттік мерекелік медалі, Сәтбаев қаласының 50-жыл мерекелік медалі, Россия, Белоруссия, Қазақстан, Украина төрт мемлекеттің энциклопедиясына кіріп төс белгісін тақты. 2005 жылы шыққан «Гимн людям в белых халатах» кітабының авторы және де Сәтбаев қаласының 40- жылдығына арналып шыққан 40- ақынның бірі болып өлеңдер жинағына енді. Кеудесінде Қазақстан Бизнес рейтингі қоғамының «Қазақстан даңқы» ордені жарқырайды. 1975 жылдан басталған дәрігерлік жолы Ұлытау аудандық ауруханасында басталғанын жоғарыда айтып өттік. Бұдан кейін Махаң 1977-1979 жылдары Сарыкөңір ауылдық ауруханасының бас дәрігері, 1979-2002 жылдары Сәтбаев қалалық медициналық -санитарлық бөлімшесінде, отбасылық амбулаторияда дәрігер, 2002 -2015 жылдар аралығында «Қожахметов» отбасылық дәрігерлік амбулаториясының директоры әрі Сәтбаев қалалық отбасылық дәрігерлер қауымдастығының президенті болды. 2010 жылы зейнетке шықса да, әлі күнге шейін еңбектен қол үзген емес. Ол қазір қаладағы «Денсаулық» колледжінде жастарға дәріс береді.

Мағзұм Омарұлы ұл-қыздарын да білімге, адалдыққа, еңбекқорлыққа тәрбиеледі. Үлкені Салтанат-журналист. Жезқазған қаласында жарық көретін «Жезказганский ветник» газетінде тілші. Ол 2015 жылы Қарағанды облысы «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қоры ұйымдастырған «Аймақ кәсіпкерлері БАҚ назарында» атты байқаудың жеңімпазы атанды.

Ал, Құндызы өзі тәрізді медицина маманы болуды қалады. Қарағанды мемлекеттік медициналық университетін бітірді. Ұлы Алмас -Сәтбаев қалалық қаржы бөлімінің басшысы.

Өмір екінішісіз бола ма? Талай адамның өміріне араша түскен Махаң 2023 жылы аяулы жары Жанат Сейдіғалымқызынан мәңгілікке айырылып қалды. Қырық бес жыл қол ұстасып жүрген жанан айрылу оңай ма? Бірақ, сынаққа төзе алмаса азаматтығына сын. Сүп -сүйкімді немерелері Зере мен Төре қылықтары жүректі жадыратып, көңілді көркейтіп жібереді. Соларды көріп тәуба дейді, шүкіршілігінен жазбайды.

Мағзұм аға ақпанның ортасында дүниеге келіпті. Негіз қыстыгүні өмірге келгендер батыр да батыл, ширақ та шымыр болып келеді деседі. Бұл сөз рас секілді. Махаңа қарасақ солай. Жетпістің желкесіне әлдеқашан шығып, сексенге қарай бет түзесе де белсенділігі басылған жоқ. Сәтбаев қалалық Ардагерлер Кеңесінің мүшесі ретінде қаладағы қоғамдық жұмыстардың үнемі бел ортасында жүреді. «Сүйер ұлың болса сен сүй, Сүйсінуге жарар ол» депті ұлы Абай. Ал «Мақтанатын ағамыз бар, Неге ендеше мақтанбасқа?» дегіміз келеді. Мұндайда ойымызда -Мағзұм аға Омарұлы Қожахметов тұрады.

Абдолла ДАСТАНОВ,
Қазақстан Республикасы Ақпарат
саласының үздігі,
Сәтбаев қаласының
Құрметті азаматы.
«Ардагерлер тынысы» журналы
№1, 2024 жыл

► ДІН ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ

ҮЙ ІШІНЕН ҮЙ ТІКПЕЙІК

Бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – дін. Дін туралы айтқанда, Абай атамыздың «Махаббатпен жаратқан адамзатты» дейтін сөзі оралады. Яғни, дін - мейірім мен жақсылықтың, рухани келісімнің тетігі.

Елімізде ертеден тамырын терең жайған ислам діні Тәуелсіздіктен соң қайта түлеп, қазір елдің қоғамдық-саяси өміріндегі өз орны мен маңызы ерекше болып отыр. Ислам діні барша халықтардың сенім жүйелерімен, құқықтық және адамгершілік заңдылықтарын сақтай келе, халықтардың салт-санасына етене кіріп, діни-рухани, мәдени құндылықтарының біріне айналды. Қазақстан – демократиялы, толерантты ел ретінде әлемдік ортада бейбіт елдердің қатарында. Оған дәлел, әр түрлі діндер мен конфессия өкілдерінің бүгінде бар халықпен бірге, бейбіт қатар, өмір сүруі және өзара тиімді іс-әрекет етуі үшін қолайлы жағдайлар жасалып отырғаны куә.

Әр ұлт өкілдері біздің көпконфессиялы және көпұлтты ортақ үйімізде қоян-қолтық араласа өмір сүріп жатыр. Мемлекеттің де, діннің де мақсат-мүддесі ортақ, бұл - елдегі тыныштық, ынтымақ, бірлікті қамтамасыз ету.

Өкінішке қарай, экстремизм мен терроризм идеологтары дінді пайдаланып, діни риториканың ерекше әдістерін қолдана отырып, халықтың белгілі бір топтарының ой-санасына теріс ықпал етуді көздейді,

сөйтіп, халықтың арасына жік түсіруге ұмтылады. Олар кейде өз мақсаттарына қол жеткізіп те жатады. Бұған әсіресе, ата-баба салт-дәстүрінен аулақтау өскен ұрпақ көбірек илігіп қалады. Олардың санасын жаулап алу оңайырақ. Сондықтан, қазір елімізде елімізде конфессияаралық қатынастар саласындағы және діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу мақсатындағы саясатын іске асыру барысында көптеген іс-шаралар барлық өңірлерде өткізіліп жатыр. Халықтың ұлттық құрамы мен діни сенімі тығыз байланысты болғандықтан, әрқашан дін мәселесіне сақ болғанымыз дұрыс. Діни сауаттылықты жандандыруымыз керек. Дін мен дәстүрдің бір-біріне еш қайшылығы жоқ екендігін түсінгеніміз абзал. «Дін жолына түстім» деп ұлттық діңгектен бойды аулаққа салуды «Үй ішінен үй тігу» деп санасақ та болады. Сондықтан, үй ішінен үй тікпей ата дінімізді де көздің қарашығындай сақтап, дәстүрімізді де ұрпақтан-ұрпаққа жалғастыра берейік!

Ізтөлеу ТҮСІПОВ,
Облыстық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшесі

БҮГІНГІ ҚЫЗ – ҰЛТТЫҢ ЕРТЕҢГІ АНАСЫ

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің биіктігі ең алдымен – әйелдердің құрметтелуінен, екіншіден – құқық берілуінен, үшіншіден қорғалуынан танылады.

Анаға құрмет, жарға жанашырлық, қызға қамқорлық ұлтымыздың басты ұстанымдарының бірі болды. Өз болмысына даналық мінез бен ізгі қасиеттерді жия білуі қазақ әйелін құрметті етті. Ол құрметке лайық болды және құрметтелді де.

Атамыз қазақ ел басына күн туса, ер азаматтармен бірге бірдей атқа қонған, бейбіт күнде білігі асса- билікке, өнері асса бәйгеге ерлермен бірдей таласқан әйелдеріне құқық атаулыдан тыйым салып көрген жоқ. Одан дәстүрлі қазақ қоғамы ұтпаса, ұтылмағаны тарихымыздан белгілі. Соның нәтижесінде қазақ халқы үлгілі ұлт болды. Қазақ әйелі азамат әйел болды. Өйткені нағыз азаматты сол тәрбиеледі. Бір қолымен бесікті, екінші қолымен әлемді тербететінін сезініп, елдік пен имандылықты ана сүтімен перзентіне сіңіре білді. Ел болып еңсе көтергелі ұлтына үлгі ғана емес, ұран болған аналар легі азайған жоқ. Сондықтан да ұлт болып ұйысқаны үшін қазақ ұлдарына қандай қарыздар болса, қыздарына да сондай қарыздар.

Кешегі қазақ жұртының қалыптасқан құндылықтары қыз баланың, әйел-ананың ешбір жағдайда қорғансыз қалмауын қамтамасыз етті. Туыстық қатынастар терең дамыған халқымызда әйел баласы жалғыз қалып көрген жоқ. «Қыз ағасыз, тон жағасыз болмайды», «Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз қыз болмайды» деген мақалдардың өздері қыз баланың қашанда қорғансыз, жоқтау-сұраусыз болып көрмегенін

білдіреді.

Қазіргі қазақ әйелі дәстүрлі құндылықтарға адалдық танытуда. Ол өзінің елеусіз жүріп, ел басқара білген парасатты болмысын танытуда. Қазақ әйелі қоғам өміріне бұрынғыдан да белсендірек араласуда.

Рухани құндылықтар тек сөзбен ғана берілмейді. Ол адамның өз болмысы, өз тұлғасы арқылы қалыптасады, дамиды, өзгелерге беріледі. Тәрбие дегеніміз отыра қалып насихат айту емес. Ол – ең алдымен өз болмысыңмен үлгі болу. Осыны жақсы түсінгендіктен қазақ әйелі рухани құндылықтарды өз бойына жинақтау арқылы өзгелерге үлгі болды. «Жақсы әйел-үйдің тіреуі» деген нақылды халық текке айтқан жоқ.

Іргеміздегі өркениетті елдерге көз салсақ, балаларымызды асырап алып, жастарымызды оқуға шақырып, қабілеттілерімізге қол ұшын беріп, өзіне тартып, өздерінің азғындаған ұрпағының ақыл-ойын біздің текті ұлттың есебінен толтыруға тырысуда.

Қазақ әйелі ұлттың рухани құндылықтарын қалай қорғаса, біз де оларды солай қорғауымыз керек. Бүгінгі қыз - ертеңгі ұлттың анасы. Құндылықтар өзгермесін. Қазаққа қазақ еткен, бұдан кейін де қазақ ретінде сақтап қалатын салт-дәстүріміз, құндылықтарымыз өзгермесін.

Гүлсім ЕСМҰРЗАЕВА,
Сәтбаев қалалық сайлау комиссиясының хатшысы

► ҮШТҰҒЫРЛЫ ТІЛ САЯСАТЫ – БОЛАШАҚТЫҢ КІЛТІ

КӨП ТІЛ БІЛГЕН КЕМ БОЛМАЙДЫ

Бүгінгі таңда көп тілді білу – заман талабы. Бірнеше тілді меңгеру арқылы жас ұрпақ білім кеңістігінде еркін самғап, әлемдік ғылым құпияларына үңіліп, өз қабілетін танытуға мүмкіндік алады.



«Қолына қалам ұстаған әр азамат ана тілінің бай қорын игерумен бірге басқа, көрші ұлт тілдерінің де асыл қазынасынан сусындауы, оны кәдеге жарата білуі абзал» деп, ұлы ғұлама Бауыржан Момышұлы айтқандай, тіл - адамзаттың баға жетпес құндылығы екені даусыз. Тіл – халықтың жаны, тұтастай кескін-келбеті, ұлттық болмысы. Адамды мұратқа жеткізетін – тілі мен ата дәстүрі десек артық айтқанымыз емес. XI ғасырдың ұлы ойшылдарының бірі Махмұд Қашқари «Игі істің басы – тіл. Тәрбие басы – тіл» деп, тілдің қаншалықты құдіретті екенін көрсетеді. Біз үшін үштұғырлы тіл – бәсекеге қабілеттілікке ұмтылудың алғашқы баспалдағы. Ал бүгінгі нарық заманы жастарымыздың бәсекеге қабілетті, білімді де озық ойлы болуларын талап етеді. Жастардың өз ана тілін жетік білуімен қатар өзге ұлттың тілін жетік игеріп, сол ұлт азаматтарымен өзара түсінісе алатыны үлкен біліктіліктің белгісі, әрине. Өмірде өзге бір ұлттың тілін білетін адам сол халықтың ішкі жан-дүниесін түсініп, барлық мәдени құндылықтарымен таны-

су мүмкіндігіне ие бола алады. Өскелең ұрпақтың қазіргі сағат сайын құбылып, ай сайын алға қадам басып, күн сайын жаңарып, қарқынды дамып бара жатқан өзгерістерге толы өмірге сай болуы үшін көп тілді болуы басты қажеттілікке айналуда. Бұл іс әр азаматтың өзіне де, өзгеге де тиімді екені еш күмән туғызбайды. Сондықтан қазіргі қоғамда көп тілді меңгеру кез келген адамды жарқын болашаққа бастайтын жол іспеттес. Дана халқымыздың «Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл» деген ата-лы сөзі – бүгінгі күннің өзегі.

Сондықтан үштілді меңгерген жастар әуелі өз тілінде ой қорытып, туған халқына өнеге болып, өзге елмен бәсекеде беделді орынды иеленсе, мәдениетті санасына салып сараптай алса, өз өмірін мағыналы өткізіп қана қоймай, еліне еңбегі ерен ерекше тұлға болары сөзсіз.

Г. БЕКТҰРСЫНОВА,
«№3 жалпы білім беретін мектебі» КММ қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі

ЕРТЕҢГІ КҮННІҢ ЖОБАСЫ

Қазіргі таңда бұл жоба бойынша арнайы жоспар жасақталып, біртіндеп іске асырылуда. Қазақ тілін – мемлекеттік тіл, орыс тілін-ұлттаралық қарым-қатынас тілі және ағылшын тілін-жаһандық экономикаға ойдағыдай кірігу тілі ретінде қолдануымыз керек. Жастарымыздың үш тілді меңгеруін қамтамасыз етуге жасалып жатқан қадамдарды «Ертеңгі күннің жобасы» деп бағаласақ та болады.

Жоғарыда аталған жоспарды басшылыққа ала отырып, қазіргі уақытта осы жоба Қазақстандықтардың тарапынан қолдау тауып, тетігін іске қосу бағытында түрлі жұмыстар атқарылып жатыр.

Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінің дәрежесі уақыт өткен сайын артып келеді.

Тіл қай ұлтта, қай елде болмасын қастерлі, құдіретті. Бүгінгі нарық заманы бізден бәсекеге қабілетті болуымызды, дамыған отыз елдің қатарынан көрінуіміз үшін білімді де, озық ойлы азаматтарды тәрбиелеуімізді талап етеді. Әлемдегі жоғары дамыған елдердің санатына енуі кездеген халықтың басты мақсаты - сауатты ұрпақ тәрбиелеу. Ал

сауатты ұрпақ дегеніміз өз тілінде еркін сөйлей алатын, оны терең меңгерген ұрпақ. Әрбір адам ана сүтімен дарып қалыптасқандықтан, «ана» деген ардақты атпен «ана тілі» деп атаймыз. Біздің ана тіліміз - қазақ тілі. Қазақ тілі - ғажап тіл, сан ғасырлық тарихы бар тіл. Ата-бабаларымыздан мирас болып келе жатқан баға жетпес асыл мұра. Егемендігіміздің арқасында еңсесін тіктеп, күретамырын тереңнен бойлаған төл тіл.

Б. ТОЛҚЫМБЕКОВА,
Сәтбаев қаласы балалар мен жасөспірімдер кітапханасының кітапханашысы

Қазақстан Республикасы Президентінің
2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығымен
БЕКІТІЛГЕН

УТВЕРЖДЕН
Указом Президента Республики Казахстан
от 29 декабря 2015 года № 153

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРІНІҢ ӘДЕП КОДЕКСІ

Ескерту. Әдеп кодексі жаңа редакцияда – ҚР Президентінің 22.02.2022 № 814 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғамның тыныс-тіршілігін қамтамасыз етуді және қоғамдық мүдделерді ең үздік және тиімді тәсілмен қанағаттандыруды білдіреді.

Мемлекеттік қызмет қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етуге, мемлекеттік тіл мен басқа тілдерге, Қазақстан халқының дәстүрлері мен ғұрыптарына құрметпен қарауға міндеттейді.

Мемлекеттік қызметшілер өз қызметінде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде іс жүзіне асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Қоғам мемлекеттік қызметшілер өз міндеттері мен функцияларын заңдарға сәйкес барлық адал ниетімен құзыретті және тиімді түрде орындайды деп есептейді.

Мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебіне жоғары талаптар қояды.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің осы әдеп кодексі (бұдан әрі – Кодекс) мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлқы жағдайларының алдын алуға бағытталған.

3. Кодекстің мәтіні мемлекеттік органдардың ғимараттарында көпшіліктің қарауына қолжетімді жерлерде орналастырылады.

4. Осы Кодексте белгіленген қызметтік әдеп стандарттары барлық мемлекеттік қызметшілер үшін міндетті.

2-тарау. Мемлекеттік қызметтің әдептік қағидаттары

5. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі мынадай қағидаттарға негізделеді:

1) адал ниеттілік – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет ету;

2) адалдық – өз міндеттеріне шынайы көзқарас;

3) әділдік – жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеу;

4) ашықтық – жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету және өз іс-қимылының ашықтығын қамтамасыз ету;

5) сыпайылық – азаматтар мен әріптестерге дұрыс және құрметпен қарау;

6) клиентке бағдарлану – мемлекеттік қызметтерді тұтынушы ретінде халықтың сұраныстарына толықтай бағдарлай отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдік көріністеріне және әуресарсаңға салуға жол бермеу жөнінде шаралар қабылдау.

3-тарау. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебінің стандарттары

6. Мемлекеттік қызметшілерге мынадай талаптар қойылады:

1) қарапайым болу, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтау, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпау;

2) мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұру;

3) заңда белгіленген шектеулерді сақтау, мүдделер қақтығысын болдырмау;

4) азаматтармен қарым-қатынаста әдептік таныту, деректілік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлқы фактілеріне жол бермеу, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмау;

5) іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлқы қағидаларын сақтау, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеу;

6) лауазымдық міндеттерді атқаруға байланысты кез келген сипатта құқыққа сыйымсыз уәделерді бермеу және құқыққа сыйымсыз міндеттемелерді алмау;

7) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызметтік жағдайын, сондай-ақ онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделерінде, оның ішінде оларға өзінің көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбау;

8) мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз ету, мемлекеттік мүлікті тек нысаналы мақсаты бойынша, лауазымдық міндеттерін және рұқсат етілген қызмет түрлерін орындау үшін пайдалану;

9) қызметтік міндеттерді адал орындауға кедергі келтіретін құқыққа сыйымсыз қаржылық және мүліктік мүдделерді құдаламау;

10) қызметтік міндеттерін орындауға байланысты жағдайларды қоспағанда, ойын мекемесіне барудан тартыну.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Президентінің 02.11.2023 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

7. Мемлекеттік қызметшінің қызметтік міндеттерді орындау кезіндегі сырт келбеті мемлекеттік аппараттың беделін нығайтуға ықпал етуге, ресмилікпен, ұстамдылықпен және ұқыптылықпен ерекшеленетін жалпыға бірдей қабылданған іскерлік стиліне сай болуға тиіс.

8. Мемлекеттік қызметшілер әріптестерімен қызметтік қарым-қатынаста:

1) ұжымда іскерлік және жанашыр өзара қарым-қатынас пен сындарлы ынтымақтастықты орнату мен нығайтуға ықпал етуге;

2) басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан қызметтік әдеп нормаларын бұзудың жолын кесуге не оған жол бермеу жөнінде өзге де шараларды қабылдауға;

3) ұжымда әріптестерінің ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін жеке және кәсіби қасиеттерін талқылаудан тартынуға;

4) өзінің мінез-құлқымен бейтараптықтың, әділдіктің, риясыздықтың, жеке адамның ар-намысы мен қадір-қасиетіне құрметпен қараудың үлгісі болуға;

5) қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін кемсітушіліктің және оған қолсұғушылықтың кез келген нысандарын болдырмайтын қолайлы моральдық-психологиялық ахуал жасауға бағытталған шаралар қабылдауға;

6) жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларға үйлеспейтін әрекеттер жасауға мәжбүрлемеге;

7) әріптестеріне қатысты негізсіз айыптауларға, дерексіздік, қадір-қасиетін кемсіту, әдепсіздік және бейәдеп мінез-құлқы фактілеріне жол бермеуге;

8) әріптестеріне өзінің діни нанымдарын таңбауға, қол астындағы қызметшілерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың қызметіне қатысуға мәжбүрлемеге тиіс.

9. Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік саясат және қызметтік жұмыс мәселелері жөніндегі өз пікірін, егер ол мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарына сәйкес келмесе, жариялауға рұқсат етілмеген қызметтік ақпаратты ашатын болса және мемлекеттің лауазымды адамдарының, мемлекеттік басқару органдарының, басқа да мемлекеттік қызметшілердің атына әдепсіз сөздерді қамтитын болса, көпшілік алдында білдірмеуге тиіс.

Мемлекеттік орган қызметінің мәселелері бойынша көпшілік алдында сөйлеуді оның басшысы немесе мемлекеттік органның осыған уәкілеттік берілген лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Мемлекеттік қызметшілер пікірталастарды мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірместен, дұрыс нысанда жүргізуге тиіс.

10. Мемлекеттік қызметшілер қызметтен тыс уақытта жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептілік нормаларын ұстануға, кішіпейілділік танытуға, тиісті көрсетілетін қызметтерді алу кезінде өзінің лауазымдық жағдайын баса көрсетпеуге және пайдаланбауға және қоғамдық имандылыққа қолсұғумен ұштасқан қоғамға қарсы мінез-құлқы жағдайларына жол бермеуге тиіс.

4-тарау. Қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіру

11. Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган заңнамаға сәйкес қызметтік әдепті бұзудың профилактикасы бойынша үйлестіруді жүзеге асырады.

5-тарау. Қызметтік әдепті бұзғаны үшін жауаптылық

12. Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп стандарттарын бұзуы тәртіптік жауаптылыққа әкеп соғады.

ЭТИЧЕСКИЙ КОДЕКС ГОСУДАРСТВЕННЫХ СЛУЖАЩИХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Сноска. Этический кодекс – в редакции Указа Президента РК от 22.02.2022 № 814 (вводится в действие со дня его первого официального опубликования).

Глава 1. Общие положения

1. Государственная служба Республики Казахстан играет особую роль в жизни общества. Она заключается в обеспечении жизнедеятельности общества и удовлетворении общественных интересов наилучшим и эффективным способом.

Государственная служба обязывает проявлять преданность интересам общества и способствовать укреплению единства народа Казахстана и межнационального согласия в стране, уважительно относиться к государственному и другим языкам, традициям и обычаям народа Казахстана.

Государственные служащие в своей деятельности должны быть привержены государственной политике и последовательно проводить ее в жизнь, стремиться сохранять и укреплять доверие общества к государственной службе, государству и его институтам.

Общество рассчитывает, что государственные служащие выполняют свои обязанности и функции компетентно и эффективно в соответствии с законами со всей добросовестностью.

Несение государственной службы является выражением особого доверия со стороны общества и государства и предвзывает высокие требования к служебной этике государственных служащих.

2. Настоящий Этический кодекс государственных служащих Республики Казахстан (далее – Кодекс) устанавливает стандарты служебной этики государственных служащих и направлен на укрепление доверия общества к государственным органам, формирование высокой культуры взаимоотношений на государственной службе и создание атмосферы добропорядочности, а также предупреждение случаев неэтичного поведения государственных служащих.

3. Текст Кодекса размещается в зданиях государственных органов в местах, доступных для всеобщего обозрения.

4. Стандарты служебной этики, установленные настоящим Кодексом, обязательны для всех государственных служащих.

Глава 2. Этические принципы государственной службы

5. Служебная этика государственных служащих основывается на принципах:

1) добросовестности – профессионального и ответственного служения государству на благо общества;

2) честности – искреннего отношения к своим обязанностям;

3) справедливости – принятия законного решения независимо от влияния физических и юридических лиц, общественных групп и организаций и недопущения дискриминации лиц по причине предвзятости и субъективности по любым обстоятельствам;

4) открытости – проявления готовности к работе с общественностью и обеспечения прозрачности своих действий;

5) вежливости – корректного и уважительного отношения к гражданам и коллегам;

6) клиентоориентированности – принятия мер по повышению качества оказываемых государственных услуг, всецело ориентируясь на запросы населения как потребителя государственных услуг, и по недопущению проявления бюрократизма и волокиты при рассмотрении обращений.

Глава 3. Стандарты служебной этики государственных служащих

6. К государственным служащим предъявляются следующие требования:

1) быть скромными, соблюдать общепринятые морально-этические нормы, не распространять сведения, не соответствующие действительности;

2) противостоять действиям, наносящим ущерб интересам государства и правам граждан;

3) соблюдать установленные законом ограничения, избегать конфликта интересов;

4) в обращении с гражданами проявлять корректность, не допускать фактов грубости, унижения достоинства, бестактности и некорректного поведения, своими действиями и поведением не давать повода для критики с их стороны;

5) соблюдать деловой этикет и правила официального поведения, не допускать совершения действий, явно подрывающих в глазах граждан достоинство и авторитет государственных органов, представителями которых они являются;

6) не давать неправомерные обещания и не брать неправомерные обязательства любого характера, связанные с исполнением должностных обязанностей;

7) не использовать служебное положение для оказания влияния на деятельность государственных органов, организаций, государственных служащих и иных лиц при решении вопросов личного характера, а также связанные с ним возможности в интересах общественных и религиозных объединений, других некоммерческих организаций, в том числе для пропаганды своего отношения к ним;

8) обеспечивать сохранность государственной собственности, использовать государственное имущество только по целевому назначению, для выполнения должностных обязанностей и разрешенных видов деятельности;

9) не преследовать неправомерные финансовые и имущественные интересы, препятствующие добросовестному выполнению служебных обязанностей.

10) воздерживаться от посещения игорного заведения, за исключением случаев, связанных с исполнением служебных обязанностей.

Сноска. Пункт 6 с изменением, внесенным Указом Президента РК от 02.11.2023 № 396 (вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования).

7. Внешний вид государственного служащего при исполнении им служебных обязанностей должен способствовать укреплению авторитета государственного аппарата, соответствовать общепринятому деловому стилю, который отличают официальность, сдержанность и аккуратность.

8. Государственные служащие в служебных отношениях с коллегами должны:

1) способствовать установлению и укреплению в коллективе деловых и доброжелательных взаимоотношений и конструктивного сотрудничества;

2) пресекать либо принимать иные меры по недопущению нарушений норм служебной этики со стороны других государственных служащих;

3) воздерживаться от обсуждения личных и профессиональных качеств коллег, порочащих их честь и достоинство в коллективе;

4) своим поведением служить примером беспристрастности, справедливости, бескорыстия, уважительного отношения к чести и достоинству личности;

5) принимать меры, направленные на создание благоприятной морально-психологической атмосферы, исключая любые формы дискриминации и посягательства на честь и достоинство служащих;

6) не принуждать к совершению поступков, не совместимых с общепринятыми морально-этическими нормами;

7) не допускать по отношению к коллегам необоснованных обвинений, фактов грубости, унижения достоинства, бестактности и некорректного поведения;

8) не навязывать свои религиозные убеждения коллегам, не принуждать подчиненных служащих к участию в деятельности общественных и религиозных объединений, других некоммерческих организаций.

9. Государственным служащим не следует публично выражать свое мнение по вопросам государственной политики и служебной деятельности, если оно не соответствует основным направлениям государственной политики, раскрывает служебную информацию, которая не разрешена к обнародованию и содержит неэтичные высказывания в адрес должностных лиц государства, органов государственного управления, других государственных служащих.

Публичные выступления по вопросам деятельности государственного органа осуществляются его руководителем или уполномоченными на это должностными лицами государственного органа.

Государственные служащие должны вести дискуссии в корректной форме, не подрывая авторитета государственной службы.

10. Государственные служащие во внеслужебное время должны придерживаться общепринятых морально-этических норм, проявлять скромность, не подчёркивать и не использовать свое должностное положение при получении соответствующих услуг и не допускать случаев антиобщественного поведения, сопряженных с посягательством на общественную нравственность.

Глава 4. Ответственность за нарушение служебной этики

11. Уполномоченный орган по делам государственной службы осуществляет координацию по профилактике нарушения служебной этики в соответствии с законодательством.

Глава 5. Ответственность за нарушение служебной этики

12. Нарушение стандартов служебной этики государственными служащими влечет дисциплинарную ответственность.



ОВНАМ наступающая неделя предлагает заняться планированием будущего. Энергия планет способствует активному решению карьерных вопросов и постановке долгосрочных целей. Во второй половине недели ожидайте приятные сюрпризы в личной жизни, которые поднимут настроение и добавят энергии.



ТЕЛЕЦ. Для Вас эта неделя станет временем гармонии и умиротворения. Ваше внимание может сосредоточиться на домашнем уюте и укреплении семейных связей. Не исключено, что вам захочется заняться переосмыслением своих жизненных приоритетов. В личных отношениях возможно возобновление старых связей.



БЛИЗНЕЦОВ ждёт неделя полная коммуникаций и новых знаний. Ваше естественное любопытство приведет к интересным встречам и обмену идеями. В личной жизни старайтесь быть более внимательными к своим близким, избегая недопониманий из-за разности мнений.



РАК. Неделя обещает быть для Раков временем эмоциональных открытий и глубоких размышлений. Прислушайтесь к своим чувствам, они могут подсказать правильное направление в сложных жизненных ситуациях. В личных отношениях важно будет найти баланс между своими потребностями и потребностями партнера.



ЛЕВ. Для Львов эта неделя станет периодом активных действий и решений. Не бойтесь принимать смелые решения, особенно когда речь идет о карьерном росте. В личной жизни стоит быть более внимательными к чувствам близких, чтобы избежать ненужных конфликтов.



ДЕВА. Неделя предоставит Девам возможность заняться саморазвитием и самоанализом. В работе старайтесь не принимать поспешных решений, лучше всего сосредоточиться на текущих задачах и довести их до конца. В личных отношениях возможно возникновение новых, глубоких связей, основанных на взаимном уважении и понимании.




ВЕСАМ предстоит неделя, насыщенная социальными взаимодействиями и новыми знакомствами. Ваше естественное обаяние и способность к дипломатии помогут укрепить как личные, так и профессиональные отношения. Будьте открыты к новым идеям и не бойтесь делиться своими мыслями и мнениями с окружающими.



СКОРПИОНОВ ожидает период глубоких эмоциональных переживаний. Ваша интуиция будет особенно сильной, что поможет принимать правильные решения в сложных ситуациях. В профессиональной сфере стоит проявить смелость и решимость, чтобы добиться желаемых результатов.



СТРЕЛЕЦ. Для Стрельцов наступающая неделя будет полна приключений и новых возможностей для личного роста. Ваш оптимизм и жажда знаний приведут к интересным встречам и открытиям. Это идеальное время для путешествий, обучения или начала новых проектов.



КОЗЕРОГ. Наступающая неделя принесет Козерогам возможности для профессионального развития. Ваша усердность и целеустремленность будут замечены руководством, что может привести к новым задачам. В личных отношениях необходимо проявить терпение и понимание, особенно в общении с близкими людьми.




ВОДОЛЕЙ. Для Водолеев эта неделя станет временем инноваций и экспериментов. Ваше стремление к новизне и нестандартному мышлению приведет к интересным идеям, которые могут быть успешно реализованы в ближайшем будущем. В личной жизни старайтесь быть более открытыми и честными в своих чувствах и желаниях.



РЫБАМ предстоит неделя, наполненная творческим вдохновением и эмоциональными переживаниями. Ваша интуиция находится на высоте, позволяя глубже понимать окружающих вас людей и ситуации. В профессиональной сфере не бойтесь предлагать креативные идеи. В личных отношениях проявите внимание и заботу к близким, это укрепит вашу связь.

СКАНВОРД



Анекдоты, анекдоты...



* * *

Раньше я жил один, и все мои вещи как попало валялись на своих местах. Теперь у меня есть девушка, и все мои вещи аккуратно и красиво лежат неизвестно где.

* * *

Женская логика — это когда женщина думает, что бы такого съесть, чтобы похудеть, что бы такого одеть, чтобы выглядеть по возможности раздетой, и как бы выйти замуж за самостоятельного мужика, чтобы быть независимой.

* * *

Сотрудница вечером в офисе подняла жуткий хай. Пропала из раздевалки её

дорогущая брендовая серебристая куртка! Всех она обвинила коллег во всех грехах! Воры, твари все! И прочая абсолютно нецензурная брань...

Устроили конечно обыск в офисе своими силами. Не нашли.

Один сотрудник поумнее оказался - пошёл к охране у входа и попросил посмотреть запись с камеры на входе.

Опа! Оказалось, что эта дура утром пришла на работу в чёрной куртке.

«Потерпевшей» культурно и вежливо, но очень настойчиво порекомендовали немедленно написать заявление на увольнение по-собственному.

Саяси-қоғамдық, танымдық-сараптамалық, ақпараттық-жарнамалық газет

АЙМАҚ АҚШАМЫ

Газет 2016 жылғы 18 қазанда ҚР Ақпарат және коммуникация Министрлігінде тіркеліп, №16179-г куәлігі берілген. 2021 жылғы 29 қазанда ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылған.

Меншік иесі: «ЖК «Дастанов»

Бас редактор: Абдолла ДАСТАНОВ

Тираж 900 Заказ 379

Редакцияның мекенжайы:
Ұлытау облысы, Сәтбаев қаласы, Құсайынов көшесі, 8
E-mail: abdolla61@mail.ru

Газет «ASU» Баспа Үйі ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр Медиа» ЖШС баспаханасында, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4-үй, басылды. Газет тоқсанына 1 реттен кем шықпайды.

Газеттің басылу сапасына баспахана жауапты.

Жарнама, хабарландырулардың нақтылығына оларды берушілер жауапты.

Мақала авторларының көзқарасы редакция ұстанымымен сәйкес келе бермеуі мүмкін.